

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері арасында тоқсан
сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 2

2024 ж. «04» маусым

Өтетін орны: Астана қаласы, Есенберлин к-сі 10, 3 қабат, 327

Өтетін уақыты: 11 сағат 00 минут

Төрағалық етті: директор, комплаенс -офицер

Қатысқандар: тізім бойынша

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы;
2. Әр түрлі.

Сөз сөйледі: А.Ж. Эскулов – директордың м.а. қызметкерлер арасында өз кезегінде қызметкерлердің құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызметін жүзеге асыруын білдіретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы заңнама талаптарының орындалуы туралы түсіндірме әңгіме жүргізді.

Комплаенс-офицер - С.А. Елубаева сөз сөйледі, ол да түсіндіру жұмысы аясында Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың негізгі бағыттарын айтып өтті.

Қызметкерлер ұйым қабырғасында лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзіне қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің қатаң сақталуы туралы тағы да ескертілді.

Осындай шектеулердің бірі, егер мұндай әрекеттер адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдау болып табылады.

«Пара» термині, әдетте, азаматтар арасында артықшылық алу үшін ақша беру, қызметті кезектен тыс немесе тіпті тиісті құжаттарды тексерусіз жылдам ресімдеуді білдіреді.

Дегенмен, тіпті материалдық сыйлықтар (гүлдер, шоколад және т.б.) да пара болып табылады. Пара берушінің жауапкершілігінің мөлшері олардың құнына байланысты болады.

ҚР Әкімшілік кодексінің (ӘҚБтК) 676-бабына сәйкес кез келген сыйлықтар, жеңілдіктер және тіпті қызметтер заңсыз материалдық сыйақы (пара) болып саналады.

Бұл ретте ҚР Қылмыстық кодексінің (ҚК) 367 – бабына ескертпеде құны ағымдағы жылға 2 АЕК-7384 теңгеден аспайтын сыйлықтар қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайтыны атап өтіледі.

Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі және ұжымның сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілігі туралы ақпарат айтып өтілді.

Жүргізіліп жатқан жұмыс аясында қызметкерлерге Кәсіпорын мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатындықтан, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынатындығы туралы түсіндірілді, өйткені заңнаманың барлық талаптары квазимемлекеттік сектордың лауазымды тұлғаларына да қолданылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңның (бұдан әрі Заң) 1-бабының 4) тармақшасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын орындайтын адам мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға жатады.

Жиналыс қорытындысы бойынша (шешім қабылданды):


1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарын адал сақтау;
2. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға белсенді қатысу;
3. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету;
4. Сыбайлас жемқорлық сипатының кез келген көріністері немесе ұжым арасындағы мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

Төрағалық етуші,
Директордың м.а.

Комплаенс-офицер,
Жиналыс хатшысы


қолы

Эскулов А.Ж.
(Т.А.Ә.)


қолы

Елубаева С.А.
(Т.А.Ә.)

